

государственном уровне. Недавно президент страны вручил Назарбаевские стипендии десяти лучшим магистрантам национальных университетов.

Президентская программа «Болашақ» обеспечивает молодежи доступ в престижные исследовательские центры и университеты мира. Молодежь стала интересоваться наукой.

В этой связи наш институт АСТИ «Дуние» в 2011 – 2012 учебном году проплачивает обучение английскому языку в Оксфордской школе в Лондоне трем студентам и двум преподавателям кафедры Иностранный язык, Переводческое дело.

В мае нынешнего года в Алматы состоялся форум «Инновационный - Казахстан – 2020», на котором глава государства определил инновации стратегической задачей государства и отметил факторы, сдерживающие работу по осуществлению проектов: неразвитая система поддержки инноваций, недостаточный уровень навыков у бизнеса.

История эволюции технологических укладов свидетельствует о неразрывной взаимосвязи развития образования, науки технологии и производства. Попутно возникает необходимость в развитии системы непрерывного образования, характеризующейся ускоренным обновлением изучаемых знаний и методик их преподавания, а также передачей знаний в виде научно – образовательного продукта.

При этом подготовка квалифицированных кадров становится решающим фактором развития науки и производства. Таким образом, взаимосвязь, даже взаимодействие науки, образования, технологий и производства является важнейшим условием осуществления не только научно - технического прогресса, но и общественного развития в целом.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ВЕТЕРИНАРЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАР ЖӘНЕ ШЕТ ЕЛДЕРДЕГІ ВЕТЕРИНАРЛЫҚ ҚЫЗМЕТ.

ТУЯШЕВ Б.К.

Қазіргі шақта жер жүзіндегі мемлекеттер арасында саяси-экономикалық байланыстар жете дамыған. Соған байланысты ветеринария ісі көлемінде де жан-жақты қарым-қатынастар жасалады. Бұл байланыстардың негізгі мақсаты- мал шаруашылығының ветеринарлық ісінің ойдағыдай болуы адам денсаулығын сақтау, мемлекетаралық шекаралар арқылы қауіпті аурулардың таралуына жол бермеу болып табылады, осындай мақсаттарға сонымен қатар, мемлекеттер арасында аурулармен күрестің үздік тәжірибесімен алмасу, ветеринария ісін ұйымдастырудың кемелді үлгілерін насихаттау да жатады.

Дүниежүзілік ветеринарлық бірлестік (ДВБ)

ДВБ- үкімет билігінен тәуелсіз ветеринария мамандарының халықаралық кәсіби ұйымы. Ол- халықаралық кәсіби ұйымдар ішіндегі көптен бері ұйымдардың бірі. Оның негізгі мекен жайы Женева (Швейцария) қаласында орналасқан.

ДВБ- тің дүниеге келуі Эдинбург ветеринарлық колледжі профессоры Р.Гемджидің бастамасымен шақырылған ветеринарлық оқу орындары оқытушалары және Батыс Еуропа елдері ветеринария мамандарының 1863 ж. Гамбург қаласындағы кездесуіне байланысты болды. Бұл кездесуде Еуропа елдерінде эпизоотиялармен күрестің ортақ ережелерін қарамақ болған. Бірақ, ғалымдар мен іс жүзінде қызмет атқарушы мамандардың осындай бас қосудың ветеринария дамытуда аса маңызды екеніне көзі жеткен. Сондықтан, бұл кездесу Дүниежүзілік ветеринарлық Конгресс деп аталып, келешекте мұндай кездесулерді үзбей шақыртып отыруға шешім осы мақсатпен Дүниежүзілік ветеринарлық Конгрестің Тұрақты комитеті құрылған. Бұл комитетке Дүниежүзілік ветеринарлық бірлестік атауы ресми түрде 1962 ж. мүше елдер өкілдерінің шешімімен берілді. Осы жылы ДВБ- тің өзіне тән Конституциясы мен

ережелері қабылданды. Бұл құжаттарда ДВБ-тің негізгі мақсаттары мен атқаратын қызметі айқындалады, сондай-ақ бірлестікке кіру тәртібі, мүшелік жарна төлеу, халықаралық ветеринарлық конгрестерді өткізу тәртібі көрсетілді.

Қазіргі кезде ДВБ құрамында 60-тан астам елдер және ветеринария мамандарының 12 салалық бірлестіктері мүше болып енеді. Мүше қатарына жер жүзіндегі барлық құрлықтардың негізгі елдері жатады. мысалы: АҚШ, Канада, Германия, Англия, Қытай, Жапония, Австралия, Аргентина, Ресей және т.б.


Салалық мамандандырылған бірлестіктердің негізгі мақсат-сала бойынша ғылыми зертеулерді дамыту, бағыттау, ақпарат алмасу, мәжілістер мен конференциялар өткізу. Салалық бірлестіктер ДВБ-тің мүшесі ретінде, онымен тығыз байланыста жұмыс атқарды.

ДВБ-тің негізгі оның тұрақты комитеті құрайды, ол мүше елдердің тұрақты өкілдерінен құралады. Сондай-ақ оған салалық бірлестіктерден бір-бір өкіл кіреді.

Тұрақты комитетің жыл сайынғы мәжілістері аралығында іс атқару бюроға жүктеледі. Оған Бірлестік президенті вице- президенттер, әкімшілік директоры, Тұрақты комитет мүшелері көмектеседі. Тұрақты комитет айында Парижде бас қосып отырады.

ДВБ-тің негізгі атқаратын қызметі:

- Ұлттық ветеринарлық бірлестіктер қатынастарды кеңейтуде;
- Дүниежүзілік ветеринарлық конгрестерді ұйымдастыру және өткізу;
- Ветеринарлық ғылым мен тәжірибе жөнінде ақпарат және ветеринарлық кинофильмдер алмасу;
- Ветеринарлық білім беруді жетілдіру;
- Ветеринарлық мамандардың әлеуметтік жағдайын нығауты;
- Көздеген мақсаты ветеринарлық бірлестіктің мақсатымен ұласатын ұйымдармен байланыс орнату.



Дүниежүзілік ветеринарлық конгрестер.

Дүниежүзілік ветеринарлық конгрестерді ЮВБ-тің тұрақты комитеті 4 жылда бір рет өткізіп отырады. Бұл аралықта Тұрақты комитеттің бюросы конгресс өткізуге үздіксіз дайындық жүргізеді. Конгресс өткізілетін елде ұйымдастыру комитеті құрылады. Конгресте ағылшын, француз, неміс және орыс ресми тіл ретінде қабылданған.

Конгресс жұмысы мүшелік жарна арқылы қаржыландырылады. Жарнаны мүше елдер, мүше бірлестіктер және конгресс өткізуші ел төлейді. 1863 жылдан осы уақытқа дейін жер жүзінің әр тарабында 25 дүниежүзілік ветеринарлық конгресс өткізілді. Оның бірі- 21 конгресс 1979 жылы Москва қаласында өтті. Конгресс жұмысына 69 елден және әр түрлі халықаралық ұйымдарды 4418 делегат қатысты. Кремльдегі съездер сарайында 18 ғылыми саладан 600- ден астам баяндамалар тыңдалады.

Конгресте қаралған негізгі мәселелерге адамзатты азық-түлікпен қамтамасыз етуде ветеринарияның атқаратын қызметі; мал мен адамға ортақ аурулармен күрес мәселелері; және т.б. жатады.

Конгресс жұмысына қазақстаннан үлкен делегация қатынасты оларды ішінде белгілі ғалымдар және мемлекеттік ветеринария өкілдері болды.

Халықаралық эпизоотиялық бюро.

Париж қаласында 1921 ж. 42 елдің өкілдері қатынасқан халықаралық конференция өткізілді. Ол эпизоотиялық жағдайды қарады, әсіресе ірі қара малдың обасы, аусыл, киенкі сияқты ауруларға байланысты қалыптасқан жағдайға көп көңіл аударды. Конференция жұқпалы аурулармен күресу үшін келесімді түрде тәжірибе және ақпарат алмасып тұру қажет деп тауып, халықарадық эпизоотиялық қызмет құруға шешім қабылданды.

Сонынан, 1924 жылғы келесі жиында 28 елдің өкілдері ветеринарлық ғылыми-техникалық ұйы- халықарадық эпизоотиялық қызмет (бюро) құру туралы келісімге қол қойды. Оның тұрақты мекені ретінде париж қаласы белгіленді. Халықаралық эпизоотиялық қызметінің Тұрақты комитеті болады. Ол келісімге қол қойған елдердің өкілдерінен құралады. Комитеттің міндеттері жарғы бойынша анықталады. Халықаралық эпизоотиялық қызметті қаржыландыру мәселесін келісімге қол қойған мемлекеттер төлейтін мүшелік жарналар есебінен шешеді.

Халықаралық эпизоотиялық бюро жер жүзіндегі барлық елдердің ветеринарлық қызметті ұйымдасуға және басқаруға жауапты мекемелермен ғылыми-техникалық байланыста болды. Бюро мелкеттердің әкімшілік арласпайды, және ешбір елдің өкмет органдарына тәуелді емес.

Халықаралық эпизоотиялық бюро Тұрақты комитет пен оның әкімшілік басшылығымен және қадағалаумен жұмыс атқарады. Эпизоотиялық қызметтің басқарушы жәе шешуші органы- жыл сайын шақырылатын Жалпы сессия. сессия аралағында Комитет атынан оның әкімшілік жалпы сессияда Тұрақты комитет мүшелерінің құпия дауыс беруі арқылы 3 жылдық мерзімге сайлайды. Әкімшілік комиссия аралалығындағы барлық жұмыстарды атқарып, жалпы сессияға дайындық жүргізеді.

Халқаралық эпизоотиялық бюроның негізгі мақсаттары:

-малдардың жұқпалы ауруларын зерттеуледі бағыттау, үйлестіру, сол туралы ақпарат алмасу;

-эпизоотиялар жайында және олармен күрес шаралары туралы әр елдің ветеринария органдары мен өкімет орындарына ақпарат беріп отыру;

-ветеринарлық- санитарлық бақылауға байланысты халықаралық келісімдер мен шарттарды талқылау; сараптау. Демек, ХЭБ материалдары барлық елдердің дүниежүзіндегі эпизоотиялық жағдайдан хабардар болу үшін бірден-бір ақпарат көзі болып табылады. Бұл деректерді пайдаланып , әрбір ел өз жерін жұқпалы аурулардан қорғау, экспорттық- импорттық алмасу операцияларын реттеу шараларын

ұйымдастыруға, шет елдермен конвенциялық келісімдер жасауға, ғалымдар арасында байланыс жасауға мүмкіндік алады.

Шет елдердегі ветеринарлық қызмет.

Бұрынғы Кеңес одағы елдерінің егеменді мемлекеттер болып көайта құрылуы бұл елдердегі ветеринарияның ұйымдастыру құрамын өзгертуді, ветеринарлық іс-әрекеттің құқықтық-нормативтік іргетасын жаңартуды талап етті.

Ресей Федерациясы федералдық деңгейде ветеринарияны мемлекет тарапынан басқарушы орган- Ауыл шаруашылығын министрлігінің ветеринария департаменті деп көрсетілген, ал автономиялы облыстар, округтар, өлкелер мен облыстарда, Москва және С-Петербург қалаларында аудандар мен қалаларында ветеринария басқармалары екендігі айқындалған.

Ветеринария департаментінің басшысын қызметке тағайындау е босату мәселесін ауыл шаруашылығы министрінің ұсынысымен басшыларын тағайындау, босату жергілікті әкімшіліктің билігінде, бірақ оған мемлекеттік ветеринарияның бір саты доғарғы органының алдын ала келсімі болуы керек.

Украинада «Ветеринарлық медицина туралы» заң 25.06.1992ж. шығарылды, соған сәйкес басқарушы орган болып Ветеринарлық медицинаның Бас басқармасы мен Мемлекеттік инспекциясы тағайындалды. Бұл орган Украинаның Ауыл шаруашылық және азық-түлік министрлігіне, ол тікелей министрінің өзіне бағынады. Ба басқарманы Украинаның мемлекеттік ветеринарлық бас инспекторы басқарады.

Бас басқармаға Қырым республикалық Киев және Севастополь қалалық, облыстық мемлекеттік ветеринарлық медицина басқармалары бағынышты. аудандар мен қалаларда ветеринарлық медицинаны басқару арнаулы ветеринарлық кәсіпорындарға жүктелген. Бұл кәсіпорындардың басшылары, сонымен қатар ауданның (қаланың) бас дәрігері және инспекторы міндеттерін қоса атқарады.

Ветеринарияны басқарушы органдар мен мекемелердің басшысын тағайындау-босату жоғарғы ветеринария органының билігінде, бірақ оған мемлекеттік әкімшіліктің келісімін алу керек.

Өзбекстанда «Ветеринария туралы» заң Занда мемлекеттік ветеринарлық қызметті басқару Республика Министрлер Кабинеті қасындағы ветеринарияның мемлекеттік Бас басқармасына жүктелетіні көрсетілді. Ветеринарияның жергілікті органдар мен мекемелер жүйесінде облыстардағы және Ташкент қаласындағы ветеринариябасқармалары, аудандардағы, қалалардағы мемлекеттік ветеринария бөлімдері аудандық ветеринариялық станциялар, диагностикалық орталықтар, емханлар, ветсансарап лабораториялары, мал ауруларымен күресуші экспедициялар мен жасақтар жатады.

Алыс шет елдердегі ветеринарлық қызмет.

Жер жүзіндегі мемлекеттердің өзара экономикалық қарым-қатынастарының қызметтің ұйымдастыру үлгісі, деңгейі де әр түрлі болады.

Мәселен, Африка құрлығында жанцарлар фаунасы бай, табиғи-климаттық ортасымен халықтың тұрмыстық жағдайы әр қилы, соған орай, мал шаруашылығы да аймақтарда біркелкі дамымаған. Осының барлығы бұл құрлықта күрделі эпизоотиялық жағдайдың ауруларының көп таралуына әкеліп соққан. Осы аурулардан болатын экономикалық зиян мал шаруашылығының жалпы өнімінің 30-40%- не келеді, сонымен қатар, олар басқа мемлекеттерге де қауіп төндіреді.

Осы тәрізді себептермен Азия мен Латын Америкасы елдерінде де күрделі эпизоотиялық жағдай қалыптасқан. Бұл елдердегі мамандардың аз болуы, дәрі-дәрмектер, биопрепараттар, жете зарттелмеген аурулардың таралуы ветеринарлық қызмет көрсету үшін де көп қиындықтар тудырады.

Керісінше, Еуропа, Солтүстік Америка, Тынық мұхит елдерінде эпизоотиялық жағдай бұдан әлде қайда жақсы болып отыр. Мұндағы дамыған елдер дәстүрлі

калыптасқан, жақсы жабдықталған ветеринариялық қызмет құрып, ветеринария саларының ғылыми- зерттеу мекемелерінің кең жүйесін дамытқан.

Шет елдердің көбінде ветеринарлық қызмет ауыл шаруашылығы министрінің жүйесінде орын тепкен. Бұл елдердің 25 %- не жуығында мал шаруашылығы өнімдерін және ветеринарлық препараттарды сараптауға ветеринария мамандарымен қатар, денсаулық сақтау мамандары да катынасады. Осы 20 %- не жуығында ветеринарлық қызмет штат немесе провинция деңгейінде толық әлде жартылай автономиялы болады. Елдердің 50 %-не ветеринарлық қызмет ветеринарияға қоса мал шаруашылығы мәселерімен де шұғылданады және 4 елде ветеринарлық қызметтің басшысы мал шаруашылығы үшін тікелей жауапты.

Мал шаруашылығының технологиясына, елдегі саяси- экономикалық және т.б. жағдайларға байланысты ветеринария маманына жүктелетін жұмыс мөлшері әртүрлі болатыны төмендегі кестеде келтірілген;

Бір шартты мал басы 1 бас ірі қара малға немесе 1 бас буйвол, жылқы, есек, түйе, 5 бас лама, 7 бас шошқа, 12 бас қой-ешкі, 250 бас үй құсына теңестірілген.

Жекелеген елдердің ветеринарлық қызметінің ерекшеліктеріне тоқталсақ, алдымен америка Құрама Штатарына тоқталған жөн. АҚШ ауыл шаруашылығы министрілігіндегі ірі- «Малдар мен өсімдіктерді қорғау қызметі» басқармасы құралған, оның құрамына «Карантин және өсімдіктерді қорғау», «Ет пен құс инспекциясы», «ветеринарлық қызмет» деп аталатын үш бөлімі бар. ветеринарлық қызметке экзотикалық аурулардың шекарадан өтуінен қорғау, олар пайда болса, жою шараларын жүргізу сапасы, жоғары ветеринариялық препараттар шығаруды қамтамасыз ету, малдарды талапқа сай күтіп- бағуды ұйымдастыру экономикалық міндеттері жүктелген.

Ветеринарлық қызмет жүйесін басқару қолайлы болу үшін АҚШ территориясы бес аймаққа бөлінген: солтүстік, оңтүстік-шығыс, оңтүстік- ортық, солтүстік-ортық және батыс. Бұлардың ветеринарлық органның басшысына бағынады.

Аймақтық қызмет құрамына эпизоологтар және т.б. салалардан маманданған дәрігерлер, биологиялық препараттар бойынша мамандар, аймақтық дәрігерлер енеді. Әрбір аймақтық дәрігер 1-2 штат көлеміндегі қызметті басқарады, оның қарамағында аудандық дәрігерлер мен техниктер болады.

Ветқызметтің іс-әрекеті алдын ала құрылған бағдарламаларға сәйкес жүргізіледі. Негізінен әрбір ветеринарлық қызмет құрамына импорт- экспорттың, биопрепараттар сапасын тексеруші мемлекеттік лабораториялар, ветеринарияға қажетті биопрепараттар мен химиялық- терапевтік лабораториялары сияқты бөлімдері сияқты бөлімдер енеді.

АҚШ-та мал ауруларын тіркеуші жүйе құрылған. Олар малдың жұқпалы аурулары туралы, азықтандыру, бағып күту кемшіліктерінен, шаруашылықты сақал жүргізу салдарынан болатын аурулар туралы олар келтіретін зиян, емдік және алдын алу шараларына жұмсалатын шығындар мен олардың экономикалық тиімділігі туралы мағлұматтар жинайды. Мағлұмат жинаушы жүйе ауыл шаруашылығы министрілігіне қызмет етеді және елдегі штаттардың ветеринарлық қызмет бөлімдерімен университет термен, колледждермен, өнеркәсіптік-техникалық топтармен, ғылыми- зерттеу мекемелерімен бірлеседі.


Жапония Халықтың 10 мыңына шаққанда ветеринария дәрігерлерінің саны бойынша ол дүние жүзінде бірінші орында. Мұнда барлығы 2,4 мың мал дәрігері бар, әрбір дәрігерге 200- дей ғана шартты мал басы келеді. Дәрігерлердің 3,1% мемлекеттік аппаратта, 30,1 % префектураларда 30,9 % коммуналдық шаруашылықта, 8,5 % ірі қара малға бейімделген жекеменшік клиникаларда 15,2 ұсақ малдарға бейімделген клиникаларда, 2,6 % ауыл шаруашылық кооперативтерде істейді.

Ветеринарлық қызметті басқару Ауыл шаруашылығы министрілігіндегі мал шаруашылығы бюросының мал денсаулығы бөліміне жүктелген. Елдегі ветеринарлық қызмет мемлекеттік мекемелер, кооперативтік және жекеменшік клиникалар,

бөлімшелік (учаскелік) ветеринария органдары мен мекемері сонымен қатар шекара және көліктегі ветеринарлық қызмет бір жүйеге біріктірілген.

Мал шаруашылығының технологиясына, елдегі саяси-экономикалық және т.б. жағдайларға байланысты ветеринария маманына жүктелетін жұмыс молшері.

<i>Елдің атауы</i>	<i>Дәрігерлер саны, мың адам</i>	<i>1 дәрігерге келетін шартты мал басы, мың бас</i>
1	2	3
АҚШ	49,2	2,5
Канада	5,9	2,4
Бразилия	24,5	6,3
Австралия	4,4	8,7
Ұлыбритания	2,5	1,9
Жапония	26,4	0,3
Франция	7,8	6,4
Италия	14,8	0,8
Испания	13,3	0,7
Филяндия	0,8	2,1
Польша	9,1	1,5
Туркия	3,5	5,5



Мал шаруашылығының технологиясына, елдегі саяси-экономикалық және т.б. жағдайларға байланысты ветеринария маманына жүктелетін жұмыс молшері

Елдің атауы	Дәрігерлер саны, мың адам	1 дәрігерге келетін шарт- ты мал басы, мың бас
1	2	3
АҚШ	49,2	2,5
Канада	5,9	2,4
Бразилия	24,5	6,3
Австралия	4,4	8,7
Ұлыбритания	2,5	1,9
Жапония	26,4	0,3
Франция	7,8	6,4
Италия	14,8	0,8
Испания	13,3	0,7
Финляндия	0,8	2,1
Польша	9,1	1,5
Түркия	3,5	5,5
Пакистан	2,1	19,4

Пайдаланған әдебиеттер

1. Толысбаев Б.Т., Шоканов Н., Булашев А., Бияшев К. «Мал дәрігерлік микробиология» Алатау, 1999 ж. Алматы.
2. Қазақ ССР 2-том қазақша энциклопедиясы. Бас редактор А.Нургалиев, Алматы 1988 ж.
3. Бакулов И.А. «Индеттану және микробиология негіздері» Алматы «Кайнар» 1993

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ РЕЙТИНГТІК ЖӘНЕ БРОКЕРЛІК КОМПАНИЯЛАРДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

АЯЗБАЕВ М.А.

Елбасы қор нарығы туралы мәселені халыққа Жолдауында ғана емес, басқа үлкен кеңестерде де, Парламенттегі кездесулерге де айтып келеді. Жақында ғана Президент отандық ірі бизнесмендермен кездесу барысында да осы мәселені көтерді. Жалпы, бұған көптен бұрын көңіл аударып келеді. Өйткені, бұл – қазіргі уақытта аса маңызды мәселелердің бірі. Алдымызда үлкен-үлкен мақсаттар, соның ішінде бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылу мақсатын қойып отырмыз. Сондықтан Қазақстан экономикасының даму жылдамдығы қазіргіден кемімейді. Ал одан әрі беру үшін мол қаржы-қаражат керек. Мысалы, бизнесмендермен кездесуде Елбасының бастамасымен көшбасшы бойынша жобаларды іске асыру үшін бірнеше млрд. доллар көлемінде инвестиция тарту туралы айтылды. Екіншіден, дамыған елдерде халықтың тұрмыс деңгейі орташаға жататын бөлігінің өзі биржадағы саудаға көз тігеді. Бұл қор биржасы халық арасына кеңінен таралғанын және халықтың оған деген қызығушылығы мен мүдделілігінің көрінісі біздің де осыған қол жеткізгіміз келеді.

2006 жылы Алматы қаласында өңірлік қаржы орталығы құрылды. Бұл жөнінде заң да қабылданды. Бүгін сонда арнайы сауда алаңы да өз жұмысын бастады. Оның жұмысының көрсеткіштері әлі біз алға қойған мақсатқа сәйкес келмей отырғаны рас.